

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы бойынша
Қамқоршылық кеңес отырысы
№4 хаттамасы

«23» мамыр 2024 жыл

Қатысқаны: Қамқоршылық кеңес мүшелері, балабақша меңгерушісі, әдіскер, медбике, шаруашылық меңгерушісі және ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай-балабақшасының қызметі туралы басшының есебі.
2. МКҚК №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының 2024-2027 жылдарға арналған Қамқоршылық кеңес жұмысының жоспарымен таныстыру.
3. Ата-аналардың бөбекжай-балабақшасының тәрбие-білім беру процесінің жай-күйіне, жағдайларына және нәтижелеріне қанағаттанушылық дәрежесін мониторингтеу нәтижелері.
4. «Білім беру қызметтерінің сапасы, мектепке дейінгі ұйымның санитарлық-гигиеналық жағдайлары, тамақтану сапасы, материалдық-техникалық базаның жағдайы туралы.
5. Әр түрлі сұрақтар.

Отырыс барысы:

№39 «Достық» бөбекжай-балабақша меңгерушісі А.Ж.Уркимбаева:

2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбиелеу жұмыстарын жүргізетін педагогтар саны-27, оның 14 (52%) жоғары білімі бар, мектепке дейінгі тәрбие мамандығы бойынша 21 (78%) педагог қызмет етеді. 18 (67%) педагогта біліктілік санттары бар. Жоғары білікті педагогтер жұмыста заманауи, алдыңғы қатарлы халықаралық және республикалық тәжірибелерді қолданады.

Жоба қуаттылығы - 280 орын. №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы балалардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған мектепке дейінгі ұйымдарының бірі. Басымдықтардың бірі - балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік шарттар құрылды: мамандандырылған күзеті бар аумағы заманауи абаттандырылған, электрондық өткізу жүйесі (турникет), бейнедомофон, сыртқы және ішкі бейнебақылау (26 бейнекамера), күзет-өрт дабылы жүйесі, қауіпсіз пәндік-кеңестік даму ортасы.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Бөбекжай – балабақшасы сыйымдылығы 280 орын 10 топ. Қазіргі таңда 280 бала тәрбиеленуде. 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 4 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті «Дара бала» сайтының жолдамасы арқылы тіркеледі.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту Министрлігінің 01.07.2023 ж. №192, Ақтөбе облысы білім басқармасының 05.07.2023 ж. №309, Ақтөбе қаласының "Білім бөлімі" ММ 01.08.2023 ж. №250 бұйрықтары негізінде Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жоспарының 118-тармағын орындау мақсатында "№39 "Достық" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны балалардың ерте дамуы мәселелері жөніндегі өңірдің әдістемелік кабинеті жанындағы мобильдік топтың құрамына кірді және озық педагогикалық тәжірибені енгізу мен трансляциялау құзыреттілік орталығы болып тағайындалды.

Бөбекжай-балабақшасының ауласын абаттандыру жұмыстары жалпы жыл сайын өз тәртібінше ұйымдастырылады. Топ ойын аландары жабдықталып, қажетті жағдайлар жасалды. Жаңадан әрленіп, жөндеу қажет ететін тұстардың бәрі түзетілді. Балабақша аумағы балалардың өміріне қауіпсіз деп айта аламын. Күнделікті өз бақылауымда.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақша әдіскері: Л.Т.Табышева

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс-әрекетінің МЖМБС талаптарына сәйкес №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін:

- ҚР «Білім туралы» Заңына;
- Жарғысына;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Оқу жұмыс жоспарларына;
- Ішкі тәртіп ережелеріне;
- ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңына;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделіне;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының және қалалық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Бөбекжай-балабақшаның оқу жұмыс жоспары қалалық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген. Жылдық жұмыс жоспарында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған, ағымдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген. Әр топтың ұйымдастырылған іс-әрекетінің жылдық перспективалық жоспары білім беру дағдыларына-физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру дағдылары ескере отырып құрылған. Жылдық жоспар, жас ерекшеліктеріне байланысты күн тәртібі балабақша меңгерушісімен бекітілген. Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізіліп, хаттамалары жазылған.

Күн тәртібінің үшінші сұрағы бойынша ата-аналар арасында көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы, ата-аналардың балабақша жұмысына қанағаттануы туралы сауалнама жүргізілді. Ата-аналардың бөбекжай-балабақшасының тәрбие-білім беру процесінің жай-күйіне, жағдайларына және нәтижелеріне қанағаттанушылық дәрежесін мониторингтеу нәтижелерін қорытындылай келе, барлық ата-аналардың сауалнамаға қатыса отырып, 100 пайыз қанағаттану деңгейін көрсетті. Бұл дегеніміз, балабақша өз жұмысын жыл бойы жоғары деңгейде атқарды дегім келеді.


Балабақшаның қамқоршылық кеңес төрайымы Г.Ж.Бегалиева: 2024-2027 жылдарға арналған Қамқоршылық кеңес жұмысының жоспарымен таныстырып өтсем, жалпы жыл сайын төрт отырыс жоспарланады. Қажет жағдайда қосымша кезектен тыс өтуі де мүмкін. Педагогтар және ата-аналармен жалпы жиналысы өткізіледі. Қамқоршылық кеңесінің отырысында жоспарды талқылау және бекіту, демеушілік түсімдер және оларды қажеттілігіне қарай бөлу, әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жағдайы, аз қамтылған және көп балалы отбасыларынан шыққан дарынды балаларға қолдау көрсету, бөбекжай-балабақшасындағы қосымша үйірме, секциялар ұйымдастыру жайы, тәрбиеленушілер өмір қауіпсіздігін сақтау және т.б. маңызды мәселелер қаралады.


Онан кейінгі кезекте мектепалды топтарының ата-аналар комитеттерінің төрайымдары білім беру қызметтерінің сапасы, мектепке дейінгі ұйымның санитарлық-гигиеналық жағдайлары, тамақтану сапасы, материалдық-техникалық базаның жағдайы туралы өз ойларымен бөлісті.

Отырыс соңында қорытындылау мақсатында ата-аналар бөбекжай-балабақшасының тәрбие-білім беру процесінің жай-күйіне, жағдайларына және нәтижелеріне өз бағалауларын беріп, ризашылықтарын білдірді.

Шешім:

1. Мектепке дейінгі ұйымның қызметі «Жоғары» деп бағалансын.
2. Бөбекжай-балабақшасының 2024-2027 жылдарға арналған Қамқоршылық кеңес жұмысының жоспары уақытымен жүзеге асырылсын.
3. Ата-аналардың бөбекжай-балабақшасының тәрбие-білім беру процесінің жай-күйіне, жағдайларына және нәтижелері «Жоғары» деп бағалансын.
4. Білім беру қызметтерінің сапасы «Жақсы» деңгейде деп бағалансын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы  Г.Ж.Бегалиева

Хатшы:  Л.Т.Табышева